

**"Соттардың қылмыстық істер бойынша жеке қаулылар шығару тәжірибесі туралы"
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11
нормативтік қаулысына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22
желтоқсандағы № 21 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгеріспен бірге) өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы N 13
Нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруіне байланысты Қазақстан
Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы
қаулы етеді:

1. "Соттардың қылмыстық істер бойынша жеке қаулылар шығару тәжірибесі туралы
" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 11
нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5-тармақтағы "және ҚР ҚІЖК-нің 411-бабының 6-тармағына сәйкес
апелляциялық және қадағалау" деген сөздер ", ҚІЖК-нің 411-бабының үшінші бөлігіне
және 446-8-бабының 6) тармақшасына сәйкес апелляциялық, кассациялық және
қадағалау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-тармақтың бірінші абзацындағы "Жеке қаулыға" деген сөздердің алдынан "
Істің мәні бойынша шығарылған сот актісіне шағымдану (наразылық келтіру) үшін
көзделген тәртіпте және мерзімдерде жеке қаулыларға шағымдануға (наразылық
келтіруге) болады." деген сөйлеммен және "396-бабында" деген сөзден кейін "және 403
-бабының бесінші бөлігінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-тармақтағы "қадағалау шағымы" деген сөздер "өтініші" деген сөзбен
ауыстырылсын;

4) 11-тармақтағы "апелляциялық саты" деген сөздер "апелляциялық, кассациялық
және қадағалау сатысы" деген сөздермен, "бірінші" деген сөз "төменгі тұрған" деген
сөздермен ауыстырылсын, "404-бабының 2-бөлігінің" деген сөздерден кейін ", 423-
бабы үшінші бөлігінің, 446-2-бабының, 458-бабы екінші бөлігінің" деген сөздермен
толықтырылсын;

5) 13-тармақта "жеке қаулы бірінші және апелляциялық саты соттарының басқа
қаулылары сияқты," деген сөздер "бірінші және апелляциялық саты соттарының жеке
қаулысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Кассациялық сатыдағы соттың жеке қаулысы жарияланған сәттен бастап заңды
күшіне енеді."

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

М. Әлімбеков

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

Ж. Бәйішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК